С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» ASFENDIYAROV NATIONAL MEDICAL UNIVERSITY JOINT-STOCK COMPANY	

СМЖ құжаттамасы		Ректордың бұйрығымен бекітілген	
		Бұйрық №	Бекітілген күні
		49	06.02.
Құжат атауы		2019-2020 оқу жылына резидентураға қабылдау Ережесі	
Редакция	1	Статус	
Код		✓ Бекітілген ☐ Қарастырылған ☐ Өңдеуге жіберілген ☐ Қабылданбады ☐ Басқа	
Жауапты қызметтік тұлға		Академиялық қызмет бойынша проректор Байльдинова К.Ж.	
Құжат бастаушысының - қызметтік тұлғасы		Интернатура және резидентура факультетінің деканы Жанкалова З.М.	
Алдыңғы ескі құжат			
Құжат тілі		✓ Казахский Русский Английский	

Алматы - 2019

Келісу парағы

Қызметі	Қолы	А.Ж.Т
Өңделген:		
Интернатура және резидентура факультетінің деканы		Жанкалова З.М.
Келісілген:		
Академиялық қызмет бойынша проректор		Байльдинова К.Ж.
Зерттеу қызметі бойынша проректор		Жусупов Б.С.
Академиялық қызмет бойынша департаментінің жетеші м.а		Тусупбекова С.К.
Құқықтықпен қамтамасыз ету басқармасының бас маманы		Гаитова М.А.
Стратегия және қауіпті басқару, корпоративтік даму департаментінің жетекшісі		Усатаев М.М.
СМЖ бөлімінің бастығы		Абдуллаева Р.М.
Қабылдау, кәсіптік бағыттау, профориентация, студенттерді дамыту және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімінің жетекшісі		Искакова С.С.

Мазмұны

1.Кіріспе 4
2.Жалпы ережесі 4
3.Құжаттарды қабылдау тәртібі 5
4.Резидентураға қабылданатын тұлғаларға қойылатын талаптар 6
5. Мамандықтар бойынша қабылдау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу 6
6. Қабылдау емтиханы кезінде үміткерлердің тәртіп Ережесі 10
7. Қабылдау емтихандарын тапсыру нәтижелерін қайта қарау туралы жазбаша өтініштерді талқылауды ұйымдастыру 10
8. Қабылдаудың ұйымдастырылуы мен 11
9. Үміткерлерді ақпараттандыруды ұйымдастыру 13
Қосымша 14
Өзгерісті тіркеу парағы 23
Танысу парағы 24

1. Кіріспе

2019-2020 оқу жылына резидентураға қабылдау ережесінің мақсаты үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын өткізу және "С.Ж.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) резидентурасына қабылдау болып табылады. Ереже университет кеңесінде бекітілгеннен кейін күшіне енеді. Осы Ереженің жекелеген тармақтары жаңа заңнамалық актілерге қайшы келген жағдайда, олар заңды күшін жояды және ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Университет ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді университеттің қабылдау комиссиясы шешеді.

2. Жалпы ереже

Университеттің резидентурасына қабылдау Ережесі құралған:

1. Білім беру ұйымдарында оқуға типтік қабылдау ережелеріне, жоғары оқу орнынан кейін білім беруді жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларына,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (бұдан әрі - Типтік ереже) және Университет резидентурасында контингентті қалыптасуын анықтайды.

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 11) тармақшасы және білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау тәртібін анықтайды, жоғары білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қолданатын қатаң есептілік құжаттардың нысанын бекіту туралы»

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесі.

- «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттар нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығы.

2.**Университеттің резидентура тыңдаушылары құрамын қалыптастыру мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтар мен басқа да көздер оқуға өз қаражаттарымен төлеу арқылы, соның ішінде жергілікті атқарушы органдарының (ЖАО) арнайы трансферттері. .**

3.Мемлекеттік грант негізінде қабылданған ҚР азаматы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл

жұмысын өтеу туралы келісім жасайды.

4.Резидентураға қабылдауға өтініш жазу 3 мен 25 шілде аралығында.

Мамандық бойынша қабылдау емтиханы 8 нен 16 тамыз аралығы, оқуға қабылдану 2019 жыл 28 тамызға дейін.

5.Резидентураға түсу үшін үміткерлер мамандық бойынша қабылдау емтиханын тапсырады.

6.Мамандық бойынша емтихан бірнеше бөлімнен тұрады.

7.Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

8.Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген үміткердің апелляцияға жазбаша өтініш беруге құқығы бар. Апелляция қаралғаннан кейін емтихан жұмысы бойынша бағалау туралы апелляциялық комиссияның шешімі шығарылады (комисия бағаны жоғарылатуы да, төмендетуі де мүмкін).

3. Құжаттарды қабылдау тәртібі

9. Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы - университет ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға. Қабылдау комиссиясының құрамы ректордың немесе оның міндетін атқарушы адамдардың бұйрығымен бекітіледі.

10. Университет резидентурасына үміткерлерді анықтау қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

11. Шетелдіктерді резидентураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

12. Шетел тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

13. Шетел азаматтарын университетке ақылы негізде оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

14. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.

15. Университеттің қабылдау комиссиясы келесі құжаттарды қабылдайды:

1) ұйым басшысына жолданған 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) транскиппен бірге жоғары білімі туралы диплом құжаты және көшірмесі;

3) интернатураны аяқтаған туралы транскриптпен бірге құжаты және көшірме;

4) жеке төл құжаты, көшірмесі;

5) кадрлар жөніндегі жеке парақ және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

6) 3х4 см алты фотосурет;

7) бұрынғы жұмыс орнының кадрлық бөлімінен (бар болған жағдайда) куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі;

8) 086-У формасындағы медициналық анықтамада барлық графа толық толтырылған, рентгенологиялық (флюорография) түсірілімі университет клиникасымен расталған;

9) әскери куәліктің көшірмесі және түпнұсқасы немесе тіркеу куәлігі (әскери куәлігі бар адамдар үшін);

10) Оқу аяқтаған ұйымның мөрі және интернатурада тәуелсіз тестілеу МҚА – бірінші этап бағасы көрсетілген жетекшінің қолтаңбасы бар ведомость көшірмесі;

11) шарт жасасуға және оқу шығындарын төлеуге кепілдік беретін хат (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін);

12) университеттің жауапты басшысының қолы қойылған ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады.

16. Барлық құжаттар үміткерлермен жеке тапсырылады.

17. Әр үміткерге жеке іс рәсімделеді, Онда олармен ұсынылған барлық құжаттар сақталынады

18.Қабылдау комиссиясы арқылы үміткердің деректерін университет дерекқорына жүктейді.

19. Осы Ережеге 2 Қосымшаға сәйкес үміткерге құжаттарды үлгі бойынша қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

20.Құжаттарды қабылдау: міндетті нөмірленген беттермен, тігінделген және Университеттің мөрімен бекітілген, белгіленген үлгідегі журналға тіркеледі (3 Қосымша). Құжаттарды қабылдау аяқталған күні Қабылдау комиссиясының жауапты қатшысының қорытынды қол қоюымен журналдағы тіркеу жабылады.

4. Резидентураға қабылданатын үміткерлерге қойылатын талаптар

21. Резидентураның кәсіби оқу бағдарламаларын меңгергісі келетін, тұлғалардың алдыңғы білім деңгейі базалық медициналық (жоғары медициналық) білім және интернатураны өтуі.

5. Мамандықтар бойынша қабылдау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу

22.Резидентураға түсуші тұлғалар мамандық бойынша қабылдау емтиханын тапсырады.

23. Мамандық бойынша түсу емтиханын университет өз бетінше өткізеді.

24.Оқуға түсуші жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша университетке түсу емтиханын тапсырады.

25.Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезінде университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

26. Осы жылы оқуға түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

27. Мамандық бойынша қабылдаудың ұйымдастырылуы мен тәртібі

Мамандық бойынша емтихан 100 балдық бағалау шкаласы бойынша бағаланатын 4 бөлімнен тұрады, мұнда:

- **20%** интернатурада оқу кезеңінде GPA орташа балының (10%) және 5 жыл ішінде GPA орташа балының (10%) немесе 7 жыл ішінде GPA;

Транскрипте GPA болмаған жағдайда қосымша бойынша орташа балл (4х баллдық шкалаға қайта есептей отырып) есептеледі. Үміткер оқыған ұйымның қолы және мөрімен расталған GPA немесе орташа балл есептелген анықтама әкеледі;

- **40%** -7 курстың қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың (ҚМА) 1-кезеңінің бағасы (ҰТБО өткізетін тәуелсіз тестілеу); Басқа ЖОО үміткері тәуелсіз тестілеудің бірінші кезеңіне басшының қолы қойылған және оқу ұйымының мөрімен расталған бағасы бар анықтама әкеледі;

Егер интернатураны бітірген жылы үміткерде тәуелсіз тестілеудің бағасы болмаған жағдайда, үміткер құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырғанға дейін 2019 жылғы 3-24 шілде аралығында таңдалған мамандыққа сәйкес (Сириус деректер базасында әр мамандық бойынша 100 тест тапсырмалары жүктелген) университеттің тест орталығында тапсырады. Тестілеуді тапсырғаннан кейін үміткерге тестілеу бағасы көрсетілген ведомостан үзінді бар көшірме беріледі.

Тестілеудің балдарын есептеу кезінде тестен алынған бағаның 40% - ы есептеледі.

- **30%** - бейіндік мамандық, аралас пәндер бойынша сұрақтарды қамтитын және жоғары білім беру пәндері бойынша үлгілік бағдарламалар негізінде бейінді кафедралар қалыптастыратын алдыңғы білім беру бағдарламасы көлемінде мамандық бойынша қабылдау емтиханы құрайды.

- **10%** - ғылыми жетістіктерді бағалау: ғылыми жарияланымдар, соның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда; anamed.kz, zdrav.kz; баяндамашы ретінде үміткердің тегі көрсетілген конференция бағдарламалары.

Ғылыми жетістіктер 100, 50 немесе 0 балл ауқымымен шкала бойынша бағаланады. Үміткерде БҒСБК басылымдарында жарияланған және/немесе халықаралық шетелдік конференцияда ғылыми баяндама жасаған болса, оған 100 балл есептеледі. Газеттерден басқа, басқа басылымдарда, оның ішінде anamed.kz, zdrav.kz сондай-ақ халықаралық отандық, республикалық, облыстық, қалалық, университеттік және т.б. конференцияларда ауызша баяндама жасалған болса, үміткерге 50 балл қойылады. Жоғарыда аталған критерийлер болмаған жағдайда-0 балл қойылады. Бұл ретте үміткер растау құжаттарын ұсынады: шығыс деректері бар мақаланың бедері немесе спикер ретінде үміткердің Т. А. Ә. көрсетілген конференция бағдарламасы.

Қоса берілген барлық құжаттар тексеріледі. Әдейі жалған ақпарат берген жағдайда үміткер білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысудан шеттетіледі, оған барлық құжаттары қайтарылады.

Қабылдау комиссиясына растайтын материалды тексеретін жауапты қызметкердің қолы мен мөрі бар құжаттар (мақалалар бедерлері, конференция бағдарламалары) тапсырылады.

28. Қабылдау емтихандарын өткізу кестесін 4-қосымшаға сәйкес қабылдау комиссиясы жасайды, университет сайтында, қабылдау комиссиясының қабырға ілмелерінде орналастырылады.

29.Резидентураға қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде тиісті бейін бойынша доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатарынан білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Әр мамандық бойынша комиссия мүшелерінің саны-3-тен 5 адамға дейін. Кафедра меңгерушілері емтихан комиссиясының құрамына кірмейді.

30.Мамандықтар бойынша қабылдау емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестесін (емтиханды өткізу нысаны, өткізу күні, уақыты мен орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және қабылдау емтиханының басталуына 3 (үш) күн қалғанда үміткерлердің назарына жеткізіледі.

31. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (бөлмелерде) өткізіледі.

32. Қабылдау емтиханын өткізу қорытындысы бағалау ведомосімен және комиссия хаттамасымен еркін түрде ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

Университет қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін түрде қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ қабылдау емтиханының қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

33. Емтихан комиссияларының құрамы, олардың төрағалары көрсетілген университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Бақылаушылар ретінде практикалық денсаулық сақтау дәрігерлері мен білім алушылар тартылуы мүмкін.

34. Үміткердің оқуға түсу емтиханына дәлелсіз себептермен келмей қалуы "0" балмен бағаланады.

35. Қабылдау емтихандарына қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының рұқсатынсыз бөгде адамдардың (инспекциялаушы органдарды қоса алғанда) қатысуына жол берілмейді.

36. Емтихан тапсыру үшін аудиторияға кіру жеке куәлік пен рұқсатнама бойынша жүзеге асырылады (5-қосымша).

37. Мамандық бойынша түсу емтиханы аяқталғаннан кейін емтихан алушының бағалау парағы (6-қосымша), чек-парақ (7-қосымша) және комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылған емтихан ведомосы (8-қосымша)

толтырылады. Толтырылған құжаттар қабылдау комиссиясына беріледі. Емтихан нәтижелерін қабылдау комиссиясы келесі күннен кешіктірмей қабылдау комиссиясының ақпараттық қабырға ілмелеріне және университет сайтында жалпы шолу үшін жариялайды.

6. Қабылдау емтиханыны кезінде үміткерге қойылатын талаптардың ережелері

38. Үміткерлер емтиханға қол жүгі, бөгде заттар (сөмке, борсетка, оқу, оқу-әдістемелік әдебиет, шпаргалкалар, фотоаппараттар, ұялы байланыс құралдары, ноутбуктер, плейерлер және т. б.) болған жағдайда жіберілмейді.

39. Аудиториядан рұқсатсыз және кезекшісіз шығуға болмайды.

40. Орнынан орынға ауысуға, сөйлесуге жол берілмейді.

41. Шпаргалкаларды, ұялы телефондар мен электрондық құрылғыларды, оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді пайдалануға жол берілмейді.

42. Тестілеу кезінде үміткерден шпаргалкалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, калькуляторлар, фотоаппараттар мен ұялы құралдар (пейджерлер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad, iPod, iPhone, SmartPhone), ноутбуктер, плейерлер анықталған жағдайда жауапты хатшы үміткердің қатысуымен аудитория бойынша кезекшімен бірге "аудиторияда тәртіп ережесін бұзған үміткерді шығарып жіберу және тыйым салынған заттарды анықтау актісін" (9-қосымша) жасайды. Емтихан нәтижелері жойылады.

7. Қабылдау емтихандарын тапсыру нәтижелерін қайта қарау туралы өтініштерді қарауды ұйымдастыру

43.Даулы мәселелерді шешу мақсатында қабылдау комиссиясы апелляциялық комиссия құрады.

44.Университетте апелляциялық комиссияның құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссия резидентураға түсетін тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды. Мамандықтар бойынша апелляциялық комиссияның төрағасы кафедра меңгерушілері болып табылады.

45. Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген үміткердің апелляцияға жазбаша өтініш беруге құқығы бар. Апелляция қаралғаннан кейін емтихан жұмысы бойынша бағалау туралы апелляциялық комиссияның шешімі шығарылады (нәтижесі жоғарлауы да және төмендетілуі де мүмкін).

46. Апелляцияға өтінішті резидентураға түсетін тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына береді.

47. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер қабылдау емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

48. Апелляция егер үміткер өтініште тапсырманың дұрыс еместігін немесе оның пәннің оқу бағдарламасына сәйкес еместігін көрсетсе ғана қаралады.

49. Апелляциялық комиссия өтінішті 24 сағат ішінде қарап, бағалауды қайта қарау немесе бастапқы алынған бағаны сақтау туралы тиісті шешім қабылдауы тиіс. Апелляциялық комиссияның шешімі емтихан нәтижелерін комиссиялық қарау негізінде қабылданады. Егер білім алушы апелляция нәтижелері бойынша емтиханнан төмен баға алса, онда апелляциялық комиссияның шешіміне соңғы баға енгізіледі және есептеледі.

50. Апелляциялық комиссия әрбір үміткермен жеке жұмыс істейді. Үміткер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

51. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

52. Апелляциялық комиссия мамандық бойынша түсу емтихандарының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. Апелляциялық комиссияның шешімдері комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

53. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

54. Апелляциялық комиссияның шешімі бойынша Өтініш бланкісінде апелляциялық комиссияның шешімі толтырылады және үміткердің назарына қол қою арқылы жеткізіледі (10-қосымша). Апелляциялық комиссияның шешімі бар өтініш үміткердің жеке ісінде сақталады.

56. Үміткерлерді білім алушылар қатарына қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

57. Қабылдау емтихандарының нәтижелері туралы есепті қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы жасайды (11-қосымша).

58. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда мамандық бойынша неғұрлым жоғары бағасы бар тұлғалар қабылдау кезінде басым құқық алады.

59. Резидентураға қабылдау белгіленген мерзімде университет ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

60. Оқу құнын төлеумен шарттық негізде оқуға түсетін адамдарды есепке алу олар оқу туралы қол қойылған шарттар мен оқу төлемін растайтын төлем құжаттарын ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

61. Білім алушылар құрамына қабылданған үміткерлердің жеке іс қағаздары, онда олар ұсынған барлық құжаттар мен қабылдау емтихандарын тапсыру материалдары сақталады, кейін студенттік кеңсеге өткізіледі.

62. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар білім беру, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде жоғары оқу орындары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде қайтарылады.

63. Қабылдау комиссиясы білім беру, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және

өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

64. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін жергілікті бюджет есебінен оқуға түсушілер университетке 25 тамызға дейін жіберіледі:

1) өтініш (еркін түрде);

2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

3)КТ сертификаты және тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі;

4) балдары көрсетілген қабылдау емтиханын тапсыру туралы үзінді;

5) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса);

6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

65. Оқуға түсушілерге екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру несиесін ресімдеген жағдайда, оқуға түсуші құжаттарды қарауда екендігі туралы банктен тиісті анықтама ұсынған кезде университет студенттерінің қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азамат оқуға қабылданғанға дейін төлеуге жататын соманы білім беру несиесін ресімдеу кезеңіне төлеу бойынша мерзімін ұзарту ұсынылады, бірақ уақыты банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт) аптадан аспайды.

66. Қабылдау комиссиялары заң және экономикалық бөлімдермен бірлесіп, 1 курсқа қабылданған резиденттермен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

9. Үміткерлерді ақпараттандыруды ұйымдастыру

67. Университет үміткерлерге негізгі білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, сондай-ақ ресми сайтта қажетті құжаттарды орналастыру арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен танысуға мүмкіндік береді. Қабылдау комиссиясының жұмысын реттейтін құжаттар қабылдау комиссиясының ресми сайтында және қабырға ілмесінде орналастырылады.

68. Құжаттарды қабылдау кезеңінде қабылдау комиссиясы осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес құжаттарды қабылдау барысы туралы қағаз басып және университеттің ресми сайтында хабарлайды.

69. Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде белгіленген мерзімде білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарылады, ол үміткерлердің назарына оларды ресми сайтта және қабылдау комиссиясының ақпараттық қабырға ілмелерінде жариялау арқылы жеткізіледі.

№1 қосымша

Ректору_____
Ректорға_____
от_____
аты, жөні/фамилия, имя, отчество
_____
тұрғылықты мекен-жайы/проживающего по адресу:
_____
Үй телефоны/тел.
дом._____
Ұялы телефоны/тел. сот.
_____
E-mail:
Бастапқы білім деңгейі туралы мәліметтер: оқу орнының атауы мен оқу орынын бітірген жылы /Сведения о предыдущем уровне образования: год окончания и наименование учреждения образования
_____
Жеке куәлік №, қашан және кіммен берілген /
№ удостоверения личности, когда и кем выдан

АРЫЗ
ЗАЯВЛЕНИЕ

Менің құжаттарымды_____ мамандығы бойынша ____ жыл оқу мерзімімен, _____ негізінде (*бюджеттік негізінде немесе оқуды төлеу келісім шарты бойынша*) резидентураға түсуге қабылдауыңызды және _____ тілі және арнайы мамандық бойынша қабылдау емтиханына қатысуға рұқсат сұраймын.

Прошу принять мои документы для поступления в резидентуру_____ _____ (*на бюджетной основе или по договору с оплатой стоимости обучения*) со сроком обучения ____ год(а) по специальности_____ и допустить к сдаче вступительных экзаменов по _____ языку и специальной дисциплине.

Күні/Дата _____

Қолы/Подпись _____

№2 қосымша

ҚОЛХАТ № _____

(үміткерлердің құжаттарын тіркеу журналы бойынша №)

мамандыққа құжаттарды қабылдау _____

кімнен_____

(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты)

Құжаттар қабылданды:

№/п	Құжат
1.	қабылдау комиссиясы төрағасының атына өтініш (бекітілген үлгідегі бланк)
2.	жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі
3.	фотосы бар тіркеу картасы (бекітілген үлгідегі бланк)
4.	медициналық ЖОҚ-ын бітіргені жайлы диплом (түпнұсқа)
5.	дипломға қосымша (түпнұсқа)
6.	интернатураны аяқтағаны жайлы куәлік (түпнұсқа)
7.	еңбек кітапшасы
8.	денсаулық жағдайы жайлы анықтама (форма 086/У)
9.	әскери билеттің көшірмесі (қыздар үшін)
10.	әскери билеттің көшірмесі және түпнұсқасы және тіркелген куәлігі; (жасөспірімдер үшін);
11.	ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі(бар болған жағдайда)
12.	Ақылы негіздегі үміткерлерге оқу үшін кепілдеме беретін келісім шарт қорытындысы және төлемақы шығыны (бар болған жағдайда)
13.	3×4 фото сутер (6 дана.)
14.	Шет тілі тапсырылған туралы сертификат көшірмесі (бар болған жағдайда)
15.	Университет библиотека жетекшісінің қолтаңбасы қойылған ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі (бар болған жағдайда)
16.	Білім алған ұйым жетекшісінің қолтаңба және мөрі басылған бірінші этап тәуелсіз тестілеу бағасы көрсетілген ведомость көшірмесі
17.	Резидентураға алдын ала іріктеуден өткен туралы қолтаңба және мөр басылған анықтама

Қабылдау Ережесімен таныстым _____

(қолы)

Қабылдау комиссиясының жауапты қызметкері қабылдады _____

(қолы) (тегі, инициалы)

Күні : _____

№3 қосымша

№3 түрдегі үміткерлердің өтініш журналы

Бекітемін
Ректор А.Т.Ә.
_____

№ п/п	ИКТ	Үміткердің АТӘ (толығымен)	Ұлты	жынысы	Азаматтығы	Туылған жылы	Жеке куәлігінің №, ЖСН қашан, кімнен берілді	Оқу бітірген ұйым жайлы (ЖОО, ұйым)	Интернатурадағы бітірген мамадық/ МББ	Интернатурада бітірген мамандық №/МББ	Маманлық шифры	Даярлау түрі	Тапсыру тілі (ҚР азаматтары үшін ағылшын/ неміс/ француз, басқа мемлекет азаматтарына қазақ/орыс)	Үміткер қолы
1.														

Желілік ЖОО жауапты _____ _____
(қолы) (тегі, инициалы)

М.О. күні: _____

№4 қосымша

Бекітемін
Төраға
ҚазҰМУ қабылдау
комиссиясы
төрағасының орынбасары/

_____
«_____»_____20___ж.

Қабылдау емтиханын өткізу кестесі

№/п	Мамандық	Күні	Уақыты	Өткізу орны

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы _____ Т.А.Ә.

№5 қосымша

Қабылдау емтиханында үміткердің рұқсатнамасы және мінез-құлық ережесі

РҰҚСАТНАМА

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Емтихан күні _____
Басталу уақыты: _____

Жүргізілетін орны:

Қабылдау емтиханында үміткердің мінез-құлық Ережесі

1. Үміткер емтиханға бөгде заттармен кіруге рұқсат етілмейді (сөмке, борсетка, оқу, оқу-әдістемелік әдебиет, шпаргалкалар, фотоаппараттар, ұялы байланыс, ноутбуктер, плейерлер және т.б.)
Аудиториядан рұқсатсыз шығуға болмайды.
Бір орыннан екінші орыға ауысуға, сөйлесуге рұқсат етілмейді.
Шпаргалкаларды, ұялы телефондарды және электронды құрылғыларды, оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді, сондай-ақ оларға дұрыс жауап алу үшін тест пен кодтардың мазмұнын анықтайтын ақпаратты пайдалануға жол берілмейді.
Егер үміткерден тестілеу кезінде шпаргалкалар табылса,оқулықтар, оқу әдебиеттері, калькуляторлар, камералар және мобильді құрылғылар (пейджерлер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad, iPod, iPhone, SmartPhone), ноутбуктар, ойыншылар, жауапты хатшы кезекші қызметкермен бірге өтініш берушінің қатысуымен «Тыйым салынған заттар мен аудиториядағы мінез-құлық ережелерін бұзған үшін өтініш берушіні аудиториядан шығарады »(9-қосымша). Тест нәтижелері жойылады. .

Мен емтихан тапсыру кезінде мінез-құлық ережелерімен танысамын және шағым бермеймін.
Жеке ақпарат жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес келеді

Үміткердің қолы _____
Қолы _____

№6 қосымша

Емтихан алушының бағалау парағы

№	ФИО претендента	Оценка в баллах за вопросы					Общий балл
1		1	2	3	4	5	
2							

Емтихан комиссиясының төрағасы:

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Комиссия мүшелері: _____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Күні «_____»_____**2019ж**

№7 қосымша

Үміткер аты-жөні:_____

Даярлау бағыты:_____

Сұхбаттасу чек-листі

№	Сұрақ атауы	Балл саны	Ескерту
1	Резидентура бойынша таңдалған мамандыққа мотивация. Мотивация қалай туындады		Максималды балл – 2, Толық емес жауап -1, Жауап қайтарылмады -0
2	Мамандық бойынша баға (кейс-стади, ситуациалық есеп, сұрақтар және т.б)		Максималды балл – 2, Толық емес жауап -1, Жауап қайтарылмады -0
3	Таңдалған мамандық бойынша волонтерлік		Максималды балл – 2, Толық емес жауап -1, Жауап қайтарылмады -0
4	Таңдалған резидентура мамандығы бойынша жаға жетістіктер		Максималды балл – 2, Толық емес жауап -1, Жауап қайтарылмады -0
5	Клиникалық ойлау		Максималды балл – 2, Толық емес жауап -1, Жауап қайтарылмады -0
	Жалпы:		

Емтихан комиссия төрағасы:

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Комиссия мүшелері: _____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Күні «_____»_____**2019ж**

№ 8 қосымша

Мамандық бойынша қабылдау емтиханының ведомості *шифр және мамандық атауы*

№	Үміткер аты-жөні	GPA (5 жыл)	GPA (2 жыл)	MCQ тестілеу (балл)	Сұхбаттасу(балл)	Ғылыми жетістіктері (балл)	Жалпы балл	Қорытынды баға
1								
2								

Емтихан комиссия төрағасы:

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Комиссия мүшелері: _____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

_____ _____
(қолы) (қолтаңба расшифровкасы)

Күні «_____»_____**2019ж**

№9 қосымша

Тыйым салынған заттарды анықтау және аудиториядағы жүріс-тұрыс ережелерін бұзған өтініш берушінің аудиториясын жою Актісі

Жауапты хатшы _____
(ТАӘ)

Аудитория бойынша кезекші
_____
(ТАӘ)

Үміткердің: ТАӘ _____ аудиториядан
№_____ емтихан уақытында
табылды_____
(атауы (маркасы, саны) табылған заттар)

ереже бұзылды деп танылады.

Аталған фактілерді ескере отырып, қаулы етілді:
Аудиториядан шығару №_____ және үміткердің емтихан қорытындысын жою:

_____
_____
_____
_____
Осы актіні жасаған тұлғаның қолы және ТАӘ

№10 қосымша

Қайта қарау
комиссиясының төрайымына

Үміткер жайлы ақпарат:
Тегі Аты Әкесінің аты
(толықтай) _____
Куәландыратын жеке құжат _____

ҚАЙТА ҚАРАУҒА ӨТІНІШ

Мамандық бойынша қойылған емтихан қорытындысын қайта қарауды өтінемін _____, жазбаша тапсырма
_____
_____
(апелляцияға өтінім берудің себебі - тапсырманың дұрыс еместігі немесе пәннің оқу жоспарымен сәйкессіздігі).
Емтихан қорытындысын жариялау күні _____

/_____/_____/_____/
қолы ТАӘ күні

ҚАЙТА ҚАРАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Комиссия үміткердің жұмыстарын қарастыру
нәтижесінде, бекітті:
балдар саны (жазбаша және санмен)
қойылды (дұрыс/дұрыс емес)
түзету (жатады/жатпайды)
Қайта қарау комиссиясының нәтижесімен таныстырылды:

/_____/_____/_____/
қолы ТАӘ күні

Қайта қарау комиссиясының төрағасы :
_____ _____
(қолы) (қолтаңбаның көшірмесі)
Комиссия мүшелері: _____ _____
(қолы) (қолтаңбаның көшірмесі)
_____ _____
(қолы) (қолтаңбаның көшірмесі)

№11 қосымша

Құжаттарды қабылдау жолы туралы ақпарат

Күні	Уақыты

РЕЗИДЕНТУРА – білім алу формасы
Жоғары білім беру орындарында кәсіби оқу бағдарламасы негізінде оқуға қабылдау жүргізіледі

Резидентура мамадықтарының атауы	Барлық орын	Оның ішінде		Үміткерлерден өтініш қабылданды
		Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы негізде	

Өзгертілген тіркелу парағы

Бөлім		Өзгертілген нөмірі р/с	Ауыстыру күні	Өзгертулер жүргізген тұлғаның Т.А.Ә.	Өзгерту жүргізген тұлғаның қолы
№ р/с	Бөлім атауы				
1	2	3	4	5	6

Танысу парағы

Т.А.Ә.	Қызметі	Күні	Қолы